

2025-2026 оқу жылына Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларын оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 2025 жылғы 16 шілдедегі № 381 бұйрығы

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға 2024 – 2025, 2025 – 2026, 2026 – 2027 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 18 наурыздағы № 118 бұйрығының 1-тармағына Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында 2025-2026 оқу жылына арналған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру, бөлу және орналастыру жөніндегі комиссияның 2025 жылғы 4 шілдедегі №01/3 хаттамасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 2025-2026 оқу жылына Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларын оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрі міндетін атқарушының
2025 жылғы 16 шілдедегі
№ 381 бұйрығына
қосымша

**2025-2026 оқу жылына Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан
кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларын оқытуға
мемлекеттік білім беру тапсырысы**

№	Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орын)
Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғалар		
1	"Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	45
2	"Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	280
3	"Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті" мекемесі	45
4	"Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	280
5	"М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	115
6	"Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	40
7	"Торайғыров университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	105
8	"Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	10
9	"Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті"	10

	коммерциялық емес акционерлік қоғамы	
10	"Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	10
11	"Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	50
12	"Шәкәрім университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	45
13	"Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	20
14	"Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	30
15	"Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	35
16	"Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	50
17	"Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	15
18	"Esil University" мекемесі	115
Барлығы		1300
Тілдік дайындығын күшейту үшін		
1	"Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	15
2	"Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	20
3	"Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	10

4	"М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	40
5	"Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	10
6	"Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	10
7	"Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	50
8	"Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті" мекемесі	20
9	"Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	15
10	"Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	10
Барлығы		200
Шетел азаматтары		
1.	"Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	30
2.	"Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	20
Барлығы		50
Түрік Республикасының және өзге түркітілдес республикалардың азаматтары		
1.	"Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті" мекемесі	200
Барлығы		200
Барлығы		1750

